

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік
университеті

Б.Ж.Құрманбеков

АҚТӨБЕ ОКРУГІНДЕ 1928 ЖЫЛЫ
БАЙЛАРДЫ КОНФИСКАЦИЯЛАУ

Ақтөбе 2004

Б.Құрманбеков.

Ақтөбе округінде 1928 жылы байларды конфискациялау. Оқу құралы. Ақтөбе Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің редакциялық баспа бөлімі, 2004 ж.

Оқу құралында Ақтөбе округінде 1928 жылы ірі байлардың конфискациялау жоспары, оның жалпы округ және аудандарда жүзеге асырылуының жолдары мен нәтижелері архив құжаттарының негізінде баяндалып, тәркіге түскен байлардың аты-жөндері, мал-мүліктерінің саны анықталады.

Еңбек жоғары оқу орындарының студенттері, мектеп мұғалімдері мен өлке тарихын сүйетін қалың оқырмандарға арналған.

Рецензенттер: Абенев Д., тарих ғылымдарының кандидаты

Жұмағанбетов Т., тарих ғылымдарының кандидаты

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің әдістемелік кеңесі мақұлдаған.

№ _____ хаттама « ____ » _____ 2004 ж.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1. Ақтөбе округінде 1928 жылы ірі байларды конфискациялау	7
2. Шалқар, Ырғыз және Қарабұтақ аудандарында байларды конфискациялау.....	13
2.1. Шалқар ауданындағы байларды конфискациялаудың басталуы мен барысы.....	13
2.2. Ырғыз ауданында байларды конфискациялау жоспары мен қорытындылары.....	21
2.3. Қарабұтақ ауданында байларды тәркілеу нәтижелері....	26
3. Ақтөбе, Елек және Мағаджан аудандарында байларды конфискациялау.....	30
3.1. Ақтөбе ауданында байларды конфискациялауды жүзеге асыру	30
3.2. Елек ауданында байларды конфискациялау науқанының нәтижелері	35
3.3. Мағаджан ауданында байларды конфискациялау жоспарының орындалуы	37
4. Темір, Қобда және Шыңғырлау аудандарында байларды конфискациялау	40
4.1. Темір ауданында байларды тәркілеудің жүзеге асырылуы.....	40
4.2. Қобда ауданында байларды конфискациялау жоспарының орындалуы.....	46
4.2. Шыңғырлау ауданында байларды конфискациялаудың барысы мен нәтижелері.....	49
Қорытынды	53
Пайдаланған әдебиеттер мен дерек көздері.....	55

Кіріспе

Қазақ халқы тарихының Кеңес Одағы кезеңіндегі қалың жұртшылыққа шындығы айтылмай келген «ақтаңдақ беттері» өте көп. Соның бірі 1928 жылғы Қазақстандағы ірі байлардың мал-мүлкін конфискациялау болып табылады.

1917 жылғы революциядан соң қазақ қауымында экономикалық, әлеуметтік өзгерістердің Ресей аумағындағыдай көлемді әрі терең болмауына байланысты Қазақ АССР Халық комиссарлар Кеңесі мен орталық атқару комитеті 1928 жылы 7 наурызда мынадай шешім қабылдады:

1. «Қазақ АССР-де жергілікті халық (қазақтар – Б.Қ.) ішінен ең ауқатты, ірі байларды жер аудару жұмыстарын өткізу керек. Олар жартылай феодалдық, патриархалдық және рулық қатынастарды сақтай отырып, өздерінің ауқатты тұрмысы мен қоғамдық ықпалы мен ауылды кеңестендіруге қарсылық көрсетіп, кедергі жасады.

2. Осы шешімнің 1-бабына сәйкес жер аударылуға тиісті адамдар және олардың отбасылары бұрын тұрып келген аудандарында тұру, шаруашылықты жүргізу құқығынан айырылады.» Осы шешімді орындау үшін конфискацияны өткізу жөнінде ерекше нұсқаулар да 1928 жылдың 7 наурызында қабылданған болатын. Сол нұсқауда: "Алдағы өткізілетін конфискация науқаны барлық партия ұйымдарының басты назарында, ауылдағы жұмыстардың маңызды бөлшегі болып табылуы керек. Түсіндіру науқанында ескеретін жағдай – ірі байларды – жартылай феодалдарды конфискациялау науқанын партияның ХҮ съезінің ірі кулак пен байды конфискациялау жөніндегі нұсқаулармен шатастыруға болмайды. Қазіргі кезеңдегі конфискациялау қысқа мерзім ішінде жартылай феодал-байлардың төбесінен тас жауғандай болып табылатын шара. Тікелей революциялық шабуыл арқылы (конфискациялау, жер аудару), - кулак пен байларды конфискациялау бұл өте ұзаққа созылатын жұмыстар, бай-кулакқа қарсы шыққан кедей-батырақ, орташалардың күрделі күресімен жүзеге асыруға болады" – деп атап көрсетілген.

Конфискация мәселесі бойынша Москвадан Қазақстанға 1928 жылдың 9 тамызында келген нұсқауда: «Қазақстан бойынша Саяси Бюро комиссиясының ұсыныстарын қабылдаңыздар: «Қазақстан Өлкелік комитетінің бірінші қыркүйектен кешіктірмей жергілікті халық ішінен іріктеп өте ірі байларды астыртын есепке алуды бітіріп, және олардың ішінен өте қауіптілерін жіктеп, 700 шаруашылықтан асырмай іріктеу-теру жұмыстарын өткізу,

конфискацияға, көшіруге ұшыраған байлардың шаруашылықтарының тізімін жергілікті мекендерге жеткізу шараларын ұсыныңыздар.

Байларды жер аудару жұмыстарын 1 қарашадан кешіктірмей бітіру керек және оларға Қазақстанның басқа аудандарынан қоныстандыру қорынан жер берілуі керек. Ескерту: қауіпті контрреволюциялық элементтер ОГПУ тарапынан Қазақстаннан тыс жерлерге жер аударылуға тиіс. Конфискацияланған дүние-мүліктің 60-70 проценті ең кедей шаруашылықтарға, оларды колхоз ретінде ұйымдастыруға, нығайтуға жұмсалуды керек, сонымен қатар осы колхоздарға батрақ, кедейлерді тарту, енгізу шараларын жүргізу керек – деген.

Осындай нұсқаудың (7.03.1928 ж.) бірінде: «Ескерте кететін жағдай, конфискацияны жүргізу науқанында байлар, жартылай феодалдар және олардың сыбайлас шабармандары, атқамінерлер мен алашордашылар жағынан қарсылық әрекеттер күтуге тура келеді. Мұндай идеологтар мен үгітшілерге қарсы шешімді, қатыгез жүргізу керек. Бұл жұмыста декретке сүйене отырып байлардың дүние-мүлкін, малын дұрыс тартып алу және оны пайдалану мәселесіне ерекше назар аудару керек. Конфискацияланған дүние-мүлікті сол байлардың достарының немесе жақын туыстарының қолына түсірмей, осылайша бөліп беру керек» - деп ерекше атап көрсетілген.

1928 жылы 27 тамызда Қазақ АССР халық комиссарлар Кеңесі мен Орталық атқару комитетінің бірлескен мәжілісінде «Байлардың шаруашылықтарын конфискациялау туралы» қабылданған қаулыны орындау үшін жасалған жоспар бойынша 696 байлардың шаруашылығы конфискациялауға жатқызады.

Алдын ала жасалған осы жоспар негізінде 1928 жылы республиканың тек батыс аймақтарының өзінен, яғни Ақтөбе, Орал және Гурьев округтерінен 156 ірі байлар конфискацияға ұшырады. Осылардың ішінде 150 отбасы Қазақстанның басқа округтеріне қоныс аударылды.

Қазақстандағы байларды конфискациялау науқанының өткеніне 75 жыл өтсе де Ақтөбе округінен мал-мүлкі тартып алынып, жер аударылғандар мен олардың отбасы туралы жас ұрпақ бейхабар болып келді. Осы мәселе бойынша орын алып келген олқылықтың орнын толтыру мақсатында архив деректерінің негізінде осы еңбекті жазып, зерттеу жұмысының негізгі мақсаты ретінде мынадай проблемаларды анықтауды алға қойдық:

1. Ақтөбе округі бойынша конфискацияға ұшыраған байлардың жалпы саны мен нақты аты-жөніндерін анықтау.

2. Конфискация нәтижесінде қайта бөліске түскен малдардың саны. (төрт түлік бойынша және ірі қара есебімен).

3. Конфискацияға түскен мал-мүліктің жеке қожалықтар (кедей-шаруалар) мен жаңадан құрылған ауыл шаруашылық бірлестіктеріне (артель, колхоз, совхоз) т.б. бөлінуі.

4. Конфискация науқанын ұйымдастыру және үгіт насихат жұмыстарын жүргізудегі партия, кеңес, комсомол, «Қосшы» одақтарының іс тәжірибесі мен осы шаралардың саяси бағыты мен мәні.

5. Науқан тұсындағы ауыл белсенділерінің әрекеті, әлеуметтік-таптық жіктің ашылуы.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері 1928 жылдың қыркүйек-қараша айлары болып табылады.

1. Ақтөбе округінде 1928 жылы ірі байларды конфискациялау.

Қазақстанда аса ірі байларды конфискациялау (тәркілеу) мәселесі 1923 жылы 17-22 наурызда өткен Өлкелік Ш-партия конференциясында ең алғаш рет көтерілген болатын.

1928 жылы 15-тамызда БКП(б) Қазақстан өлкелік Комитетінің бюро мәжілісінде (№60-хаттама, 1 пункт) ірі байларды тәркілеу мәселелері қаралып, науқанға тікелей басшылық жасайтын партиялық комиссия құрылып, оның төрағасы болып Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төрағасы Елтай Ерناзаров тағайындалды. Тәркілеу комиссиясын құрамына Әлиев, Атырауов, Богданов, Велленберг, Жандосов, Исаев, Нұрмақов, Тоқтабаев, Тимофеев, Тоғжанов бекітілді.

Тәркілеуді жүзеге асыру үшін округтерге Өлкелік комитеттен өкілдер жіберіліп, олар 25-тамызда іс сапарға аттануға тиіс болды. Орталықтан Ақтөбе округіне тәркілеу жұмыстарына басшылық жасау ісі І.Құрамысовқа тапсырылды.* (1)

1928 жылы 27 тамызда Қазақстан Орталық Комитеті мен Халық комиссарлары Кеңесінің мәжілісінде «Байлардың шаруашылықтарын конфискациялау туралы» қаулы қабылданды. Аталған қаулы «Еңбекші қазақ» газетінің 1928 жылғы 5 қыркүйегіндегі санында жарияланды.

Қаулы бойынша конфискация науқаны 1 қазанға дейін аяқталуға тиіс болды. Алайда Қазақстан Орталық Атқару комитеті президиумының мәжілісінің қаулысы бойынша жергілікті жерлерде (округтерде) қалыптасқан жағдайға байланысты бұл мерзім 10 қазанға дейін ұзартылды.* (2)

Қазақстанның әр аймағындағы табиғи шаруашылық жағдайды ескере отырып 1928 жылы 30 тамызда Қазақстан халық комиссарлар Кеңесі Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандары туралы қаулы қабылдады. Осы қаулыға сәйкес ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу нормасы бекітілді.

Көшпелі аудандарда ірі қараға шаққанда 400 бас, жартылай көшпелі ауданда 300 бас, отырықшы ауданда 150 бас малы бар байлар конфискациялауға ілінді. Отырықшы ауданда округтік комиссия өз шешімімен белгіленген норманы 100 бас малға дейін төмендетуге құқылы болды. Сонымен қатар: «Кеңес жұмысына қарсылығын қоймай келген бұрынғы ақ сүйек, сұлтан, хан тұқымдары, болыстықты өмірі қолынан шығармай, патшадан айрықша шен алып келген ескі болыстар осы қаулының 1-бабына тура келмесе де, малы

кәмпескеленіп, өзі бұрынғы қонысынан қуылады» - деген ерекше нұсқау берілді.* (3)

Ақтөбелік ірі байлар Қарқаралы округіне отбасымен бірге жер аударылуға тиіс болды.

Аса ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеп, өздерін жер аудару ісін жүзеге асыру үшін Ақтөбе округі бойынша 9 аудандық комиссия құрылды. Осы аудандық комиссиялардың жұмыстарын ұйымдастырып басшылық жасау үшін округтен аудандарға өкілдер және олардың көмекшілері бекітілді.

Шалқар ауданына өкіл болып Манаев, оның көмекшілері ретінде Кенжалиев, Қалымбетов, Байқанов, Абдуллин, Рязанцев жіберілді. Ырғыз ауданына өкіл болып Жаңабаев, көмекшісі Әлібаев, Қарабұтақ ауданына өкіл Жандосов, көмекшісі Токмырзин, Темір ауданына - Қонаев, көмекшісі Сәтов, Мағаджан ауданына – Оспанов, көмекшілері Баржақсин, Арынғазиев, Ақтөбе ауданына Ақсартов, көмекшісі Ниеталин, Елек ауданына Тастамбеков, Шыңғырлау ауданына – Асамбаев, Қобда ауданына өкіл Терлікбаев, көмекшісі болып Жантілесов бекітілді.

Жергілікті жерде қазақ ауылдарында конфискация мәселелеріне байланысты үгіт және насихат жұмыстарын жүргізу үшін қосымша Елек ауданына Ахметов, Мағаджан ауданына Әсенов, Шыңғырлауға Қобландин, Қобдаға Ділманов пен Зейнуллин, Қарабұтаққа Тоғызбаев, Ырғызға Әлиев және Көздібаев, Темірге Ешмұратов жіберілді. Сонымен қатар барлық аудандарды аралау ісі нұсқаушы Жәнібековке тапсырылды.* (4). 1928-жылдың 18-қазандағы мәлімет бойынша Округтен 9 ауданға барлығы 64 өкіл және олардың көмекшілері, 122 үгітшілер жіберіліп, олар жергілікті жерлерде байлардың мал-мүлкін конфискациялап, өздерін жер аудару ісіне ат салысты* (5)

Округтік комиссия алдын-ала жүргізген есеп негізінде 9 қазақ аудандарында мал-мүлкі конфисқаланып, жер аударылатын ірі байлардың тізімін бекітті:

Шалқар ауданынан (1-категория):

1. Айшев Исатай
2. Бошанов Кенжегали
3. Бекбасов Рысқұл
4. Бірімжаров Мінәш
5. Биманалин Құлекен
6. Батақов Мұхамедияр
7. Ержанов Қалмағамбет
8. Жасағанбергенов Кенжебай

9. Жасағанбергенов Байман
10. Жұманшин Құдайберген
11. Кенжегарин Мырзалы
12. Қызылбасов Байман
13. Қызылбасов Талтақ
14. Құлжанов Қадар
15. Қосмағанбетов Құлжан
16. Молдин Құдайберген (2 категория)
17. Мұхтаров Нағым
18. Нұрбаев Зәкір
19. Жиесов Иса
20. Орманов Оразғұл
21. Сүлейменов Алшағыр
22. Тотанов Аянас
23. Шалқошқаров Байғожа
24. Шалатаев Отарбек
25. Түктіғұлов Қалет

Темір ауданынан:

1. Аманов Жантөре
2. Бәжібаев Кузембай
3. Жәнібеков Әзім
4. Қалменов Алпысбай (2 категория)
5. Шошин Әбіш
6. Шошин Намазбай

Ақтөбе ауданынан:

1. Ермұхамедов Нұрым (2 категория)
2. Жұбаев Қали (2 категория)
3. Жұмин Үсембай (1 категория)
4. Сүлейменов Кәрім (2 категория)

Ырғыз ауданынан

1. Байзақов Амраш
2. Байзақов Қабылбай
3. Байзақов Қартбай (2 категория)
4. Жүргенов Қара (2 категория)
5. Божанов Қожабай
6. Қинибаев Байман

Мағаджан ауданынан

1. Баймағанбетов Ғани (2 категория)
2. Досмұратов Қосқұлақ
3. Жайықов Қабаш
4. Жангереев Мәкім
5. Тілеубаев Мәмбетәлі (2 категория)
6. Шабеков Арен

Шынғырлау ауданынан

1. Байішев Қайролла
2. Баяндиев Боран
3. Нұғыманов Қалан

Қарабұтақ ауданынан

1. Ержанов Ерқосым
2. Даубаев Мамыт
3. Итқарин Ырысмағамбет
4. Қисықов Олжай
5. Қанатбаев Дәуіт

Елек ауданынан

1. Дәуітов Дәулет
2. Дәулетов Жұмағали

Кобла ауданынан

1. Байқадамов Қабак
2. Құдайкүлов Боранбай
3. Мәмбетов Қазі * (6)

Ақтөбе округтік атқару комитетінің президиумы 1928 жылы 4 қыркүйекте өткізген мәжілісінде (№52 хаттама) округтік финанс бөлімінен аудандарға конфискация жұмыстарының мұқтаждығына қажет 3650 сом (рубль) қаражат аудару туралы шешім қабылдап, бөлінген қаражатты аудандарға төмендегідей етіп бөлген:

- | | |
|--------------|----------|
| 1. Шалқар | 1000 сом |
| 2. Ырғыз | 500 сом |
| 3. Қарабұтақ | 500 сом |
| 4. Темір | 350 сом |
| 5. Мағаджан | 300 сом |
| 6. Ақтөбе | 200 сом |
| 7. Елек | 200 сом |

8. Шыңғырлау 200 сом
9. Қобда ауданы 400 сом * (7)

Кейінірек Ақтөбе округтік комиссиясы өлкелік партия комитетінен Мағаджан ауданынан конфискация тізіміне ілінген Досмұратов Қосқұлақ (1-категория бойынша) деген байдың бұл науқан кезінде Ақтөбе округімен шектес Адай округінде тұрып жатқанына байланысты оны Ақтөбе ауданында бұрын тізімге ілінбеген Ердәулетов Ахметқалимен ауыстыруды өтініп, осы өтініш қанағаттандырылған. Алдын-ала жасалған есеп бойынша (меморандум) А. Ердәулетовтің меншігінде 150 ірі, 70 ұсақ жылқы, 15 ірі, 6 ұсақ түйе, 8 ірі, 18 ұсақ өгіз, 20 ірі, 40 ұсақ сиыр, 150 қой болған. Барлығы ірі қара есебімен 267 бас мал есепке алаынған.* (8)

Ақтөбе округы бойынша ірі байлардың мал-мүлкін конфискациялаудың қорытындысы 1928 жылғы 11-19 қараша арасында өткен бірінші округтік партия конференциясында қаралды.

Ақтөбе округі бойынша аса ірі байларды тәркілеу жоспары бойынша ірі қара есебімен 29.195 бас мал алынуға тиіс болған. Архив құжаттарының мәліметі бойынша округте жүргізілген тәркілеу нәтижесінде 14839 бас мал тартып алынған. Ол алдын ала жасалынған жоспарда көрсетілген мал басының 50,7 % ғана еді.

Аудандық тәркілеу комиссияларының өкілдері байлардың малын есепке алған кезде жалпы санақты ірі қара есебімен жүргізуге тиіс болды. Сондықтан әрбір өкілге ұсақ малды ірі қараға айналдырудың нормасы бекітіліп берілді. Осы норма бойынша 3 құлын 1 жылқыға, 2 тай 1 жылқыға, 1,5 жастағы құнан 1 жылқыға теңгерілді. Сол сияқты 1 сиыр есебіне 1,5 жастағы құнажын сиыр (құнан өгіз), 3 тайынша, 5 бұзау алынды. 5 қой немесе 6 ешкі 1 ірі қара болып есептелінді. Жүні бағалы деп 3 миринос қой 1 ірі қара болып саналынды. Жас ерекшелігіне қарай 1 тоқты 1 қойдың есебіне жатқзылды. 3 бота 1 түйеге, 2 тайлақ 1 түйеге болып есептелінді.

Округтік комиссияның 18 қазандағы қорытынды ақпараты бойынша аудандар бойынша аса ірі байлардан тартып алынған мал мөлшері* (ірі қара есебімен) * (9):

Р/с	Аудандар	Жоспар бойынша	Нақты тәркіленгені	%
1	Ақтөбе ауданы	1310	463	35,2
2	Мағаджан ауданы	1393	508	36,2
3	Шыңғырлау ауданы	603	562	93,2
4	Қобда ауданы	2277	431	18,9
5	Елек ауданы	646	283	43,8
6	Темір ауданы	4231	3428	81
7	Шалқар ауданы	12954	6353	49
8	Ырғыз ауданы	2595	1400	53,7
9	Қарабұтақ ауданы	3186	1410	44,2
	Округ бойынша	29195	14839,5	50,7

Ақтөбе округі бойынша тәркілеу нәтижесінде 3137 жеке шаруа қожалықтарына барлығы 9980 бас мал (ірі қара есебімен) бөлініп берілді. Орта есеппен округ бойынша бір кедей отбасына 3,3-тен ірі қара тиді.

Жалпы жаңадан құралған ауыл шаруашылық құрылымдары мен жеке қожалықтарға барлығы 13469 бас мал бөліске түскен.

Тәркілеу қорытындысында округ бойынша ірі байлардан тартып алынған мал аудандар бойынша жеке кедей отбасыларына төмендегідей болып бөлініп берілген:

1. Қарабұтақ - 871 бас мал
2. Ырғыз - 1152 бас мал
3. Мағаджан - 338 бас мал
4. Қобда - 223 бас мал
5. Шыңғырлау - 343 бас мал
6. Темір - 1927 бас мал
7. Елек - 132 бас мал
8. Ақтөбе - 166 бас мал
9. Шалқар - 1667 бас мал

Ақтөбе округі бойынша тәркіленген малдың 74,5 % барлық жеке қожалықтарға үлестіріліп берілген.* (10)

2. Шалқар, Ырғыз және Қарабұтақ аудандарында байларды конфискациялау

2.1. Шалқар ауданындағы байларды конфискациялаудың басталуы мен барысы.

Шалқар ауданында байлардың мал-мүлкін есепке алып, ортақ меншікке айналдыру және жер аудару ісіне басшылық жасау округ тарапынан бекітілген өкіл Манаев Нұғманға тапсырылды, кейін бұл жұмыс Омарғазин Жәкенге жүктелді. Округ өкілінің көмекшілері болып Кенжалиев, Қалымбетов, Байкапов Омар, Абдуллин және Рязанцев бекітілді. * (1)

Тәркілеуге ілінген байлардың саны мен олардың аудан территориясында шашыраққы орналасқандығына байланысты және мал-мүлкті есепке алу ісінің өте күрделігін ескере отырып облыстық қаржы бөлімі округ бойынша осы науқанға бөлінген 3650 сом (рубль) ақшаның 1000 сомын Шалқар ауданында тәркілеу жұмыстарын жүргізу үшін аударды. * (2)

Аудан бойынша тәркілеу комиссиясының құрамына Манаев Нұғман, кейін Омарғазин Жәкен (комиссия төрағасы), Евдокимов, Жармұқанов, Мүліков, Қанетов, Бітімбаев (комиссия хатшысы), Стрелков, Шоқпаров сайланды.

1928 жылғы 8-9 қыркүйек күндері тәркілеу комиссиясы мүшелерінің қатынасуымен байларды тәркілеу ісіне жауапты аудандық комиссия өкілдерімен жиналыс өткізіліп, әрбір топ басшылары мен олардың мүшелеріне нақты нұсқаулар берілді.

Тәркілеу науқанының басты идеологиялық мақсаты жергілікті халықтың саяси сауатын ашып, олардың саяси белсенділігін көтеру, сөйтіп таптық көзқарасын қалыптастыру болды Сондықтан округтік және аудандық комиссиялар еңбекші халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жандандыруға аса зор назар аударды. Тәркілеу ісі бойынша ауданның барлық әлеуметтік топтарының хабардар болуына басты көңіл аударылды. Осы бағытта үлкен ұйымдастыру шаралары өткізілді. Шалқар ауданы территориясында 1928 жылғы 15 қазанға дейін 61 жиналыс өткізіліп, оған 2972 ер, 480 әйелдер, барлығы 3452 адам қатынасты. Осы жиналысқа қатынасқандардың таптық жағдайына үлкен саяси мән берілді. Сөйтіп жиналыстарға 2559 кедей, 526 батрақ, 73 жалдамалы жұмысшы, 294 орташалар тартылды. Жиналыстарға қатынасып тәркілеу науқанының басты саяси-экономикалық мақсаты жөнінде

түсінік алғандар ішінде 33 партия мүшесі, 98 комсомол, 248 Қосшы Одағының өкілдері болды. * (3)

Шалқар ауданы бойынша қыркүйек-қараша айларының арасында 90 жиналыс өткізіліп, оларға 4750 адам қатынасқан. * (4)

Аудан бойынша өткізілген жиналыстарда аудандық тәркілеу комиссиясына қолқабыс (жәрдем) көрсету комиссиялары құрылып, оған мүшелер сайланды. Жалпы аудан бойынша байлардың мал-мүлкін есептеп, өздерін жер аудару ісіне 14 комиссия жұмылдырылды. Осы қолқабыс комиссияларының құрамында 78 батрақ, 188 кедей, 17 орташа, барлығы 283 адам белсенді жұмыс істеді.

Қолқабас комиссия мүшелерінің науқан барысында ерекше белсенділік көрсетуін қамтамасыз ету үшін бұл жұмысқа 16 партия, 11 комсомол, 72 Қосшы Одағының мүшелері тартылды. Ауыл әйелдерінің де саяси-әлеуметтік істерге араласуының нақты көрінісі ретінде қолқабыс комиссияларының құрамына 14 әйел сайланды.

Аудандық тәркілеу комиссиясының ұйғарымымен Шалқар ауданы бойынша тізімге ілінген байларды тәркілеу үшін 11 тәркілеу тобы құрылды. Тәркілеуге ұшырайтын байлар анықталып, олардың мал-мүлкін есепке алатын жауапты қызметкерлер бекітілді:

1. Бірінші тәркілеу тобы. Мұғаджар тауларын жайлаған №10 ауыл тұрғындары Баймен, Томпақ (Талтақ) Қызылбасовтар, Бекбасов Ырысқұл, Нұрбаев Зәкір, Бименалин Күлекен иелігіндегі мал мүлкін есепке алып тәркілеуге тиіс болды. Бұл топқа Кенжалиев, Шыңғысов (аудандық атқару комитетінің хатшысы) Әбдірахманов бекітіліп, оларға бір милиция қызметкері мен жол (көрсететін) басшы қосылды.
2. Екінші тәркілеу тобы. Шалқардан Темір бағытында 125 шақырым жерді жайлаған №3 ауыл тұрғындары Божанов Кенжеғара мен Кенжеғарин Мырзалы, Құлжанов Қадыр және №1 ауыл тұрғыны Сүлейменов Алшағырды тәркілеу Абдуллин, Қожахметов (округтік прокурор кеңесшісі), Сарбөпинге (аудандық еңбек инспекторы) тапсырылды.
3. Үшінші тәркілеу тобы. Шалқар – Ырғыз трактісі бойындағы Талдысай станциясы бағытында орналасқан Бірімжанов Мінәш, Кенжебай, Баймен Жасағанбергеновтерді тәркілеу Ишімбетов пен Есенбаевқа (мал дәрігері, комсомол, партия мүшесіне кандидат) жүктелді.
4. Төртінші тәркілеу тобы. Мұғаджар тауларын жайлаған Байғожа Шалқошқаров (4ауыл), Жуманшин Құдайбергенді (№2 ауыл) тәркілеу Кілімбетов пен Бүркітбаевқа тапсырылған.

5. Бесінші тәркілеу тобы. №74 разъезден 7 шақырым жердегі Мәмбет жайлауындағы Айкешев Исатай мен Ержанов Құлмағамбет (№3 ауыл) екеуін тәркілеу қаржы инспекторы, ұлты татар Мұхтарьяновқа міндеттелді.
6. Алтыншы тәркілеу тобы. Шалқардан 100-120 шақырым жерде орналасқан №7 ауылдың байлары Молдин Құдайберген мен Мұқтаров Нағымға Имашев жіберілді.
7. Жетінші тәркілеу тобы. Қарағанды станциясының маңын жайлаған Тотанов Аянас (№5 ауыл), Шалатаев Отарбектің (№6 ауыл) малдарын тәркілеуге Жармұханов, Балманов, Омаров тағайындалды.
8. Сегізінші тәркілеу тобы. Көкорал жайлауындағы Жиесов Иса мен Қосмағанбетов Құлжанды тәркілеуге Әбішев пен Әлімбаев жіберілді.
9. Тоғызыншы тәркілеу тобы. Мұғаджар тауында орналасқан №5 ауыл тұрғыны Түктіғұлов Қалетті тәркілеуге аудандық Қосшы Одағының төрағасы Қапетов бекітілді.
10. Оныншы тәркілеу тобы.

Шалқардан 25 шақырым жерге арналасқан Батақов Мұхамедиярдың мал-мүлкін есептеуге 7 топтан ауыстырылған Жармұханов пен халық соты Әбдірахманов тиіс болды.

Қарабұтақтағы Қарасай маңында көшіп жүрген Орманов Оразғұлды тәркілеу жұмысы Ырғыз аудандық тәркілеу комиссиясының құзырына берілді. * (5)

Шалқар ауданының территориясында мал-мүлкі тәркіленген байлардың ішінде патша заманында жергілікті басқару органдарында қызмет еткендеріне тәркілеу науқаны кезінде баса назар аударылды.

Шалқарлық байлар ішінде революцияға дейін А.Сүлейменов, Б.Қызылбасов, Б.Шалқошқаров, К.Бименалин, Қ.Молдин, Ы.Бекбасов болыс (управитель) болған. Сонымен қатар Б.Шалқошқаров, Б.Бименалин, Қ.Тектіғұлов Кеңес дәуірінде де болыстық атқару комитетінің төрағалары болып сайланған. Орманов Оразғұлдың әкесі Орман бірнеше жыл болыстық қызмет атқарған. Бірімжаров Мінәш 9 жыл бойы би (судья) қызметінде болған.

Тәркілеу комиссияларына Батақов Мұхамедиярдың 1921 жылы Шалқар – Ырғыз трассасының бойында Надежда Шапошникова, Рыжкова деген орыс әйелдерін өлтірді деген айып тағылып, аға-інілерімен бірге түрмеге отырғандығын, Тотанов Аянастың карамағындағы батырақты сабап өлтіргеніне байланысты қамауға

алынғандығын ерекше ескеру қажеттілігіне баса назар аудару тапсырылған.

Түктіғұлов Қалеттің ағасы Ержан Түктіғұлов кеңес үкіметіне қауіпті зиянкес адам ретінде Қазақстаннан тыс жерге 3 жылға жер аударылған.

Ағайынды Баймен және Кенжебай Жасағанбергеновтерге жаз айларында Ырғыз тышқандарын (суслик) аулап, терісін тапсырып, бір маусымда Баймен 8 мың сом (рубль), Кенжебай 4 мың (рубль) пайда табады, деген айып тағылып, тәркілеу кезінде осы мәселені қатты ескеру қажеттігі көңіл аударылған. * (6)

Меншігіндегі мал саны бойынша (ірі қараға есептегенде) Шалқар ауданының территориясында тәркіленген байларды төмендегідей топқа бөлуге болады:

Мал саны (ірі қараға есептегенде)	Тәркіленген байлар саны
100-ге дейін	1
100 ден 200-ге дейін	6
200 ден 300-ге дейін	10
300 ден 400-ге дейін	2
400 ден 500-ге дейін	1
500 ден 600-ге дейін	2
600-ден астам	1

Аудандық тәркілеу комиссиясының округтік комиссияға тапсырған мәліметі бойынша Шалқар ауданы территориясында тұратын байлардан барлығы ірі қара есебімен 6454 бас мал тартып алынды. Жеке байлардан алынған мал саны төмендегідей: * (7)

1	Жиесов Иса	191 бас мал
2	Шалқошқаров Байғожа	259 бас мал
3	Түктіғұлов Қалет	593 бас мал
4	Жұманшин Құдайберген	229 бас мал
5	Бименалин Қүлекен	240 бас мал
6	Құлжанов Қадыр	295 бас мал
7	Сүлейменов Алшағыр	331 1/15 бас мал
8	Бошанов Кенж	236 1/3 бас мал
9	Кенжеғарин Мырзалы	184 4/5 бас мал
10	Шалатаев Отарбек	251 бас мал
11	Молдин Құдайберген	112 2/3 бас мал
12	Бекбасов Ырысқұл	629 1/2 бас мал

13	Қызылбасов Томпак (Талтақ)	226 бас мал
14	Қызылбасов Байман	113 бас мал
15	Нұрбаев Зәкір	350 1/3 бас мал
16	Мұхтаров Нағым	555 1/3 бас мал
17	Бірімжаров Мінәш	75 1/3 бас мал
18	Айекешев Исатай	193 бас мал
19	Ержанов Құлмағамбет	220 бас мал
20	Жасағанбергенов Кенжебай	257 бас мал
21	Жасағанбергенов Байман	276 бас мал
22	Батақов Мұхамедияр	142 бас мал
23	Тотанов Аяныс	418 бас мал

Байлардан тәркіленіп, ортақ меншікке айналған малды төрт түлік есебімен бөлгенде, аудан бойынша олардың саны мынадай болады:

Қой – 5477

Ешкі – 548

Ірі жылқы – 2625

2 жастағы жылқы – 776

1 жастағы жылқы – 994

құлын – 989

түйе – 174

тайлақ – 108

сиыр – 126

2 жастағы сиыр – 19

1 жастағы сиыр – 57

бұзау – 68

Тәркілеуге дейін және осы науқан кезінде шығынғы ұшырағаны мен түрлі себептермен сатылған малдың сана 2757 бас мал (ірі кара есебімен). Сонда Шалқар ауданы бойынша есепке алынған байлардың иелігіндегі малдың жалпы саны 9511 бас мал. * (8)

Шалқар ауданы бойынша тәркілеу тізіміне ілінген Орманов Оразғұлды Ырғыз ауданына шектес жерлерді мекендегеніне байланысты, оның мал-мүлкін есепке алып, ортақ меншікке айналдыру Ырғыз ауданының тәркілеу комиссиясына тапсырылғандықтан оның малы бұл есепке кіргізілмеген.

Сонымен қатар Қосмағанбетов Құлжан Ақтөбе округтік комиссиясының 1928 жылғы 10 қазандағы қаулысының нәтижесінде тәркіленуден босатылып, есепке алынған малы иесіне қайтарылған. * (9)

Қосмағамбетовтің мал-мүлкін есепке алып, ортақ меншікке айналдыру аудандық тәркілеу комиссиясының өкілі Байсалбаевқа тапсырылған. Бірақ, Байсалбаев пен оның көмекшілері алдын ала толтырылған меморандумда көрсетілген 322 бас (ірі қараға шаққанда) малдың болғандығын қанша тексеріп, іздегендерімен дәлелдей алмаған. Қосмағамбетов Құлжай тәркілеу тұсында жасы 33-те, отбасында 4 адам болған. №6 ауыл (Көкарал) тұрғыны, жайлауы Көкбұлақ деген жер (руы жақайым, торжымбай) 1926 жылғы сайлауда болыстық атқару комитеті құрамына сайланған. Түрлі орындарға арызданып жүріп, қосақ арасында кете жаздаған Қосмағамбетов Құлжан шаққа дегенде мал жанының амандығына қол жеткізген. Тәркілеу комиссиялары байлардан малдан басқа олардың меншігіндегі үй-жәй, қора, құрал саймандарды, бағалы дүние-мүлікті тартып алу ісіне аса назар аударды.

Шалқар ауданы бойынша байларды тәркілеу нәтижесінде 40 ағаш (киіз) үй (7472 сом), 39 зілмәнке (6829 сом), 7 шөп шабатын мәшина (1028), 3 арба-бричка (475 сом), 10 шана, 2 кілем (650 сом), 8 жаңа текемет (460 сом) 23 байдан тартып алынып, ортақ меншікке айналдырылған. * (10)

Байлардан тартып алынған мал мүлік өте күрделі жағдайда жергілікті жерде өткізілген жиналыстарда талқыланып, аудандық тәркілеу комиссиясында бекітілген соң кедейлердің әлеуметтік жағдайы ескеріле отырып үлестірілді.

Мал-мүлік жеке қожалықтармен қатар ауыл шаруашылық бірлестіктеріне үлестіріліп берілді.

Шалқар ауданы бойынша байлардан тартып алынған мал (ірі қара есебімен) төмендегідей болып үлестірілді: *(11)

Үлестірілуге тиісті мал саны Оның ішінде:	5580 бас мал
- тәжірибе станциясына	217 бас мал
- жеке қожалықтарға	4662 23/24 бас мал
- колхоздарға	210 бас мал
- совхоздарға	476 7/10 бас мал
Тәркіленген малдан үлес алған жеке қожалықтар	1325 от басы

Жеке қожалықтардағы жан басы	5387 адам
Үлестірілген жалпы мал саны	5566 79/20 бас мал
Қалған мал саны	14 7/40 бас мал

Тәркілеу нәтижесінде Ақтөбе округі бойынша ортаға түскен 13 469 бас малдың 30% Шалқар ауданындағы кедей, батырақтарға бөлініп берілді.

Шалқар ауданында жоспар бойынша 12 954 бас мал байлардан тартып алынуы керек болса, науқан аяғында байлардан алынған мал саны тек қана 6353 бас мал болды. Бұл жоспардың 49 % ғана еді. * (12)

Шалқар ауданы №8 ауылдың шонжары Отарбек Шалтаевтан тәркіленген малдан Бершүгір станциясының қасындағы 50 үй кедейлерге 150 ірі қара үлестірілген.

Тек қана 27 қазан және 1 қараша арасында аудандық тәркілеу комиссиясы 430 жеке қожалықтарға 1661 ½ бас мал таратты, олардың ішінде 65 батрақ мал иеленді. * (13)

Шалқар аудандық тәркілеу комиссиясының округтік комиссияға түсірген қорытынды мәліметі бойынша (Бірғыз ауданында тәркіленген Орманов Оразғұлдың малын қоспағанда) осы науқан кезінде 9211 мал есепке алынып, оның ішінде 6454 бас мал тәркіленген. 2757 бас мал тәркілеуге дейін және осы науқан тұсында түрлі себептермен сатылған, өліп қалған деп жалпы есепке кіргізілмеген. * (14)

Байлардың мал-мүлкін тартып алған соң Ақтөбе округтік атқару комитетінің 1928 жылғы 4 қазандағы №62 қаулысына сәйкес Қарқаралы округіне жер аудару мәселесі де Шалқар ауданы бойынша өте күрделі жағдайда жүргізілді.

Жалпы байларды тәркілеу, оның материалдық жағымен бірге әлеуметтік жағынан да үлкен құбылыс болды. Партия мен үкімет байларға соққаны материалдық және моральдық жағынан қатарластырып беруді ойластырды және негізінен бұл ой тәркілеу кезінде толық жүзеге асырылды. 1922 жылы 2 қаңтарда Қазақстан үкіметінің қалыңмал мен көп әйел алушылыққа тиым салу туралы Декреті қабылданған болатын. * (15) 1928 жылы 2 шілдеде, яғни байларды тәркілеу науқаны басталардан сәл бұрын, Қазақстан өлкелік партия комитетінің секретариаты «Қалың мал және көп әйел

алушылық жойылсын» деген қазақ өлкелік Қоғамының Жарғысын бекітті. * (16) Осы қоғамның белсенді жұмысы арқасында көптеген байлардың екінші әйелдері күйеулерінен айрыла бастады. Бұл процесс ерікті және еріксіз түрде жүзеге асырылды.

Сойтіп тәркіге ұшыраған байлар мал-мүліктен айрылып, жер аударылудан басқа отбасылық өмірде де үлкен трагедияға ұшырады. Бір жағынан үкіметтің заңы, бір жағынан қалай да отбасының бір бөлігін аман сақтап қалу үшін, туған жерден тамыр үзбеу үшін байлар қыздарына жедел түрде тұрмыс құрғыздырып, жас әйелдеріне (тоқал) бас бостандық беріп, ресми түрде айрылысып, олардан туған балаларын елге тастап көшуге мәжбүр болды. Әрине, жас әйелдердің кезінде айттыру, құда түсу сияқты жол жоралғымен кей кезде өзінен біраз жас үлкен адаммен көңілі қаламаса да ата-жолымен күйеуге шыққандықтан, оңтайлы сәт туғанда шын көңілімен айрылысқандарын да жоққа шығаруға болмайды.

Тәркіленген байлардың көпшілігінің 2 әйелі (бөйбіше, тоқал) болды. Көпшілік жағдайда мал-мүлкі тәркіленген байлардың екінші әйелдері өздерін балаларымен, тиісті мал-мүлкімен елде қалдыруды өтініп аудандық округтік комиссияларға өтініштерін білдірді. Осындай арыздарды қарау нәтижесінде Ержанова Қатира, Тотанова Шолпан, Сүлейменова Түймебас, Айғаным және Мерует Кенжебаевалар, Баядилова Барболсын, Байменова Қанипа күйеуге тигендеріне байланысты ата-аналарымен бірге жер аударылудан комиссия шешімімен босатылды.

Байменов Мұхамеджанның екінші әйелі Балым емшектегі баласымен күйеуінен айрылуына байланысты елде қалдырылды. Жасағанбергенев Кенжебайдың екінші әйелі Айкүміс күйеуінен айрылуына байланысты жер аударылудан құтылды.

Брысқұл Бекбасовтың әйелі Зейнеп Бекбасова екі баласымен күйеуінен айрылысуына байланысты оған отбасына тиесілі мал-мүлік үлесін алу құқығы беріліп, елде қалуға мүмкіндік берілді.

Шалқошқаров Байғожаның үш қызы күйеуге тигендіктеріне байланысты әкесінің отбасы құрамынан шығарылып, жер аударудан құтылды.

Бименалин Құлекеннің екінші әйелі Набат 2 баласымен күйеуінен айрылу себепті елде қалдырылды. Жиесов Исаның келіні Байпақова Балбибі екі баласымен күйеуінен ажырасып жер аударудан құтылып елде қалды.

Мұхтаров Нағымның қызы Даража күйеуге шығуына байланысты, Жасағанбергенева Хадиша күйеуінен ажырасуына

байланысты қолындағы 1 жастағы нәрестесімен комиссия шешімі арқасында жер аударылудан құтылды. * (17)

Құлжанов Қыдырдың асырап алған баласы Қуандықтың жер аударылудан босату туралы арызы оны кішкентай кезінен Қыдырдың асырап тәрбиелегені және шаруашылықты бірігіп жүргізетіндіктері еске алынып қанағаттандырылусыз қалдырылды. * (18)

2.2. Ырғыз ауданында байларды конфискациялау жоспары мен қорытындылары.

Тәркілеу науқаны Ырғыз ауданында өте күрделі саяси-өлеуметтік жағдайда жүргізілді. Ақтөбе округтік комиссиясының өкілі Жаңабаев пен оның көмекшісі болып бекітілген Алибаев және Ырғыз халқының арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу ісі міндеттелген Әлиев ұйымдастыру шараларын 1928 жылы 8 қыркүйекте Ырғыз аудандық партия комитетінің бюро мәжілісін өткізуден бастады. Ақтөбе округтік комиссиясы бекіткен тәркілеуге жатқан байлардың тұрақ-мекеніне сәйкес аудан бойынша 4 тәркілеу тобы құрылды:

Бірінші топ. Қызылорда облысының шекарасына жақын Жаркөл болысындағы №10 ауылдың тұрғыны Жүргенов Қараның мал-мүлкін есепке алуға тиіс болды. Жүргенов Қараның малын тәркілеуге аудан прокурорының көмекшісі Алимбаев пен аудандық комсомол ұйымының хатшысы Зарипов бекітілді.

Екінші топ Қостанай облысының шекарасын жайлаған Жаркөл Болысының №2 ауылының тұрғыны Киёмбаев Байменге атандырылып, оның мал мүлкін тәркілеу ісі аудандық атқару комитетінің нұсқаушысы Жолмұхамедов пен кандидаттар тобының хатшысы Мәмбетырзинге жүктелді.

Үшінші топ құрамына халық соты Тауенов пен кәсіподақ өкілі Жақасов тағайындалып, олар Ырғыз болысының №11 ауылының тұрғыны Бижанов Қожабайдың мал-мүлкін есепке алып, ортаға өткізуге тиіс болды.

Төртінші топтағы Ырғыз болысының №12 ауылының байлары ағайынды Қартбай және Қабылбай Байұзақовтардың мал-мүлкін тәркілеу міндеті аудандық атқару комитетінің төрағасы Әміралы Қойшыбаев, тергеуші Есжанов (Ищанов) және коммуна мектебінің өкілі, аудандық партия комитетінің бюро мүшесі Қадыровка тапсырылды. * (1)

Осы 4 төркілеу топтарының мұқтажыдығы үшін облыстық қаржы бөлімінен жер шалғайлығы ескеріліп 500 сом (рубль) бөлінді. * (2)

Аудан бойынша құрылған осы 4 төркілеу топтары белгіленген межелі жерлерге 12 қыркүйек күні аттанды.

Аудан бойынша байлардың мал-мүлкін төркілеп, өздерін отбасыларымен жер аудару ісіне Ырғыз аудандық төркілеу комиссиясы басшылық жасады. Оның құрамына округ ұсынысымен Омар Байқанов, Бақыт Байдақов, Қойшыбаев, Алманов, Мұхамбетов, Воронин (ОГПУ өкілі), Тәуєтєнов, Шаматов тағайындалды. * (3)

Төркілеу тізіміне Ырғыз ауданы бойынша ілінген байлардың меншігіндегі мал-мүлікпен бірге, олардың Кеңес үкіметіне көзқарасы мен патша заманындағы қоғамдық-саяси қызметіне аса зор назар аударылды. Сондықтан төркілеу науқаны кезінде аудандық және жергілікті қолқабыс комиссиялары Сәтбаев Ержанның, Қазан революциясына дейін 6 жыл болыс (управитель болғанын), Байзақов Қартбайдың 3 жыл сот (би), 3 жыл аулынай (старшина), 6 жыл Қызылжар болысы – (управитель) болып қызмет жасағаны.

Әміре(ш) және Қабылбай Байұзақовтардың әкелері Байғабылдың патша заманында 30 жылдай би, болыс аулынай болғанын қатты ескерді.

Қиынбаев Байменнің 1924 жылы Қарашоқат болысының атқару комитетінің төрағасы, Жүргенов Қараның 1919-20 жылдары Ырғыз үездік атқару комитетінің төрағасы болып сайланғандығын рулық сыбайлыстықты пайдаланып, билікті қолдарына ұстауға әрекеттенушіліктің көрінісі деп бағалады. Бұларға Кеңес үкіметіне адал қызмет жасаған жоқ, бұрынғы патша заманындағы билігін жалғастырды деген айып тағылды.

Аудандық төркілеу комиссиясы мен төркілеу топтарына жергілікті байлардың мал-мүлкін есепке алу жұмыстарына жәрдем көрсететін қосымша 5 қолқабыс комиссиялары құрылып, олардың құрамына 87 адам сайланды. * (4)

Комиссия мүшелерінің әлеуметтік-таптық жағдайына баса назар аударылып олардың құрамына 58 кедей, 26 батрақ, 3 орташа сайланды. Сонымен қатар саяси тұрғыдан сенімді болуы үшін комиссия құрамындағы белсенділердің арасында 8 партия, 5 комсомол, 41 қосшы одағының, 9 кәсіп одақтардың мүшелері енгізілді.

Ырғызда төркілеу науқаны кезінде қолқабыс комиссияларының 53 мәжілісі өткізілді.

Аудандық төркілеу комиссиясы елдегі саяси-әлеуметтік жағдайдың күрделілігін ескере отырып халық арасында байлардың

мал-мүлкін тартып алу туралы үгіт-насихат, түсінік жұмыстарын жүргізу шараларына баса назар аударды. Соның нәтижесінде 29 әкімшілік ауылдардың ішінде 26 ауылда түрлі дәрежедегі еңбекші халық жиналыстары өткізіліп, оған 4445 адам қатынасты. (5)

Ел арасындағы үгіт-насихат, түсінік жиналыстары кедейлердің саяси белсенділігін арттыру бағытында пайдаланылды. Соның нәтижесінде тәркілеу науқанында жаңадан 26 адам партия, 111 адам комсомол қатарына мүше етіп алынды. Ф.63.02.д.41.стр.233.

Аудандық тәркілеу комиссиясының 1928 жылғы 25 қазандағы мәліметі бойынша Ырғыз ауданының территориясында ірі байлардан тартып алынған мал басының жалпы саны ірі қара есебімен мынадай болды:

1. Байұзақов Қабылбай 275 1/3 бас мал
 2. Байұзақов Қартбай 267 1/5 бас мал
 3. Байұзақов Әміре(ш) 272 1/3 бас мал
 4. Орманов Оразғали 269 бас мал (Шалқарлық)
 5. Бижанов Қожабай 256 1/3 бас мал
 6. Жүргенов Қара 175 1/3 бас мал
 7. Киёмбаев Баймен 199 бас мал
 8. Сәтбаев Ержан 125 бас мал
- Барлығы 1840 бас мал. * (6)

Бұл әрине жоспарда бекітілген 2595 бас малдан әлде қайда кем болды.

Осы тәркіленген байлардың ішінде Орманов Оразғали науқан тұсында Шалқар ауданынан алыс, Ырғызға шектес жерлерді жайлауына байланысты, оның мал-мүлкін есепке алып, ортақтандыру ісі Ырғыз аудандық тәркілеу комиссиясына тапсырылды. Сонымен қатар Сәтбаев Ержанды тәркілеу туралы тәртіп округтен алғашқы тізім бекітілген соң берілген.

Тәркілеуге ұшыраған байлардың қойларын қырқу жұмысы ұйымдастырылып, бұл науқан 15 қазанда аяқталды. Сөйтіп Байзақовтар, Орманов иелігінен 638 килограмм жүн алынып, ол 663 сом 52 тиынға бағаланды. Киёмбаев Байманның қойларынан 190 килограмм жүн қырқылып, оның ақшалай құны 197 сом 60 тиын болды. Жүргенов Қара меншігіндегі қой басынан аздығына байланысты 28 сом 08 тиын тұратын 27 килограмм жүн тапсырды. Бижанов Қожабайдың қойларынан қырқылған құны 135 сом 20 тиын тұратын 130 килограмм жүн үкіметке өткізілді. Сөйтіп 985 кг жүн 1032 сом 60 тиынға бағаланып ортақ меншікке айналды. * (7)

Тәркілеу комиссиясы байлардың 1928 жылғы ауыл шаруашылық салықтарын төлеу ісіне аса назар аударды.

Соның нәтижесінде байлардың әлі де түсіп болмаған салық мөлшері ақшалай өндірілді:

1. Байұзақов Қабылбай – 98 сом
 2. Байұзақов Қартбай – 687 сом 45 тиын
 3. Байұзақов Әміре – 1355 сом 93 тиын
 4. Орманов Оразғали – 1339 сом 90 тиын
 5. Жүргенов Қара – 582 сом 78 тиын
 6. Бижанов Қожабай – 1342 сом 78 тиын
 7. Сәтбаев Ержан – 21 сом 80 тиын
- Барлығы – 6227 сом 26 тиын *(8)

Орманов Оразғалидан өндірілген 1339 сом 90 тиын почта арқылы Шалқар аудандық атқару комитетіне аударылған.

Тәркілеу тұсындағы үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесінде байлардың шаруашылығына батрақ болып жалданғандар өз еңбектеріне төленетін жалақыларын сұрап арызданған. Осыған байланысты сот шешімімен жалдау шартын бұзғандары үшін байларға айып салынып, ақша өндірілген. Сот шешіміне байланысты Байұзақов Қабылбай – 1600 сом, Байұзақов Қартбай – 500 сом, Байұзақов Әміре – 1500 сом, Киембаев Баймен 500 сом төлеуге мәжбүр болған. Сот пошлинасы және басқа шығындарды қоса есептегенде (157 сом 48 тиын) байлардан барлығы 4257 сом 48 тиын өндіріліп алынған. * (9)

Тәркілеу комиссиясының мүшелері аса белсенділік көрсетіп байлардың малынан басқа да бағалы мүліктері мен шаруашылыққа жарамды құрал саймандарын, тұрған үй, қора жайларын есепке алып, ортақ игілікке айналдырды. Соның нәтижесінде белгіленген тәртіп бойынша тәркіге ұшыраған байларға тек қана еңбек нормасына сәйкес мал ғана қалдырылып, қалған бағалы және жарамды деген үй, дүние-мүлік тартып алынды. Ырғызда тәркіленген байлардан алынған 7 ағаш (киіз) үй, 6 зілмәнке, 3 тарантас, 4 арба, 3 ат тырма, 3 шөп шабатын мәшина ортақ меншікке айналдырылып үлестірілді. * (10) Бай отбасыларының жинаған мүліктерінен 16 кілем, 4 текемет, 1 тон тартып алынды. Осылармен бірге 3 кемер белбеу, 1 кафтан, 5 алтын рюмка, 6 күміс тарелка, 7 алтын күміс қасықтар, 1 граммофон 25 пластинкасы және 100 инесімен тәркілеу комиссиясы құрамындағы қырағы көздерден тыс қалмады Осының өзі ауыл белсенділерін үгіт-насихат, айдап-салу, ішкі-есептерінің қалай жүзеге асқандығының жарқын дәлелі бола алады. * (11)

Кедейлерді байларға қарсы қоюдың нәтижесі байлардың малын есепке алу кезінде де көрінді. Жүргенов Қараның малын тәркілеу барысында Қызылорда облысының Қармақшы ауданының №15 ауылының тұрғындары (кұжатта азаматтары деп жазылған –